
Қысқа мерзімді (сабақ) жоспары

Бөлім:	8.1А ХХ ғасырдың басындағы Қазақстан
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Әлайдар Нұрлыбек Ерғалиұлы
Күні:	8 А 30.09.26 8 В 29.09.26 8 С 01.10.26
Сынып: 8 А, В, С	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**1917 ж. ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы және оның Қазақстанға әсері** Зерттеу сұрағы:Қазақстанда 1917 жылы саяси белсенділіктің артуы қандай оқиғалардан көрініс тапты?
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	8.3.1.2 – ХХ ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру
Сабақтың мақсаты	ХХ ғасыр басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру
Құндылықтар	Тәуелсіздік және отаншылдық
Апта дәйексөзі:	Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың!

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдас-тыру Өткен білімді еске түсіру 7 мину Жаңа тақырыпқа қадам 3 минут	**Миға шабуыл** *Зерттеу сұрағы: Қазақстанда 1917 жылы саяси белсенділіктің артуы қандай оқиғалардан көрініс тапты?* Ақпан революциясының себеп-салдарын, нәтижесін анықтау мақсатында төмендегі бейнебаянды көрсету, сұрақтарды алдын-ала ұсыну. 1. Ақпан революциясының себептері мен нәтижелері. 2. Қазақстанда қос өкіметтің орнауы. Ерекшеліктері. 3. Қазақстанда құрылған ұйым/одақ/партиялар. Мақсаттары мен мүдделері. Нәтижелері мен маңызы. **Оқушыларды сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру**	Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу Оқушылар өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді	ҚБ «Мадақтау сэндвичі»	Тақырыптық суреттер http://lms.nci.kz/history/view?f=242&id=9&lang=kaz
Сабақтың ортасы Жаңа білім 5 минут	**Мәтінмен жұмыс** **1) Тірек-сызба.** Мұғалім ақпан буржуазиялық революцияны тірек-сызба арқылы оқушыға жалпылама шолу жасайды. Бұл өз кезегінде оқушылардың визуальды түрде есте сақтауға көмектеседі.	Оқушылар ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды	**ҚБ** Мұғалім оқушылар жауабы	Ақпараттық мәтін

10 минут 5 минут 10 минут	 **ЕББ**оқушыға тапсырма шығарылып беріледі. **2)** Тарихи оқиға желісін теренінен түсіндіру мақсатында **Алаш Орда - Деректі Фильм II бөлім «Ақпан революциясы»** атты бейне-ресурс көрсетіледі. **Мәтінмен жұмыс.** Оқушылар мәтінді оқып, төрт нақты сұраққа жауап береді.Сұраққа жауап беру барысында оқушы ақпан революциясының мерзімін, барысын, нәтижесін анықтайды. Кейін кесте мен тірек-сызбаларды толтыру арқылы аталмыш тарих оқиғаның 3 себебін, үш жағымды әсерін жіктейді. Әрі 1917 жылы пацда болған қос үкіметтің ұқсастығы мен айырмашылығын жаза отырып, қорытынды жасайды. **3)** Мәтіндегі ақпаратты кестеге айналдыру мақсатында оқушыларға кесте толтыру тапсырмасы беріледі. ***4)*** *Саяси өзгерістерді зерделеу.* Оқу мақсатында сай білім алушы XX ғасырдың басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси үдерістерге баға беру қажет. Өзін-өзі бағалау үшін, ұстаз интерактивті тақтаны қолдана отырып, өздерінің жеке жұмыстарын тексеруге мүмкіндік алады. Кейін мұғалім осы тарапта бұл саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың пайда болуы қоғамға қандай серпіліс әкелуі мүмкін деген сұрақтың аясында аудиторияда шағын диалог құрастыру қажет. **5)** *Кескін картамен жұмыс.*. Яғни әр оқушы картаға кемінде 3 саяси партияны, 3 қоғамдық ұйымдарды түсіру. Мұғалім жұмыстың толыққанды, сапалысын тексеру жағдайында дұрыс нұсқасын интерактивті тақтаны қолдана отырып көрсетуі қажет. Бұл өз кезегінде білім алушының тарихи нысандардың дұрыс орналасауын ұзақ мерзімге есте сақтауға көмектеседі. **ЕББ** оқушыға суреттер/иллюстрациялар ұсынылады;	Оқушылар өз жұмыстарының қорытындыларын сынып алдында қорғайды. Оқушылар бір-біріне қосымша сұрақтар, қойып, бір-бірін толықтырады. **Дескрипторы** -Кестеге ақпан революциясының кейін қоғамда не өзгерді, не өзгермеді соны жазып, қорытынды жасайды. - Оқушы 1917 жылдан кейін пайда болған саяси партиялық мен қоғамдық ұйымдарды жазып, әрқайсының мақсатын айқындайды. кескін картаға орналастыру	н мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады **ҚБ** *«Алақан, жұлдызша» әдісі* **ҚБ** *«Бас бармақ» әдісі* **ҚБ** «Өзін-өзі бағалау»	Үлестірмелі қағаздар Суреттер Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. I-IIт. – Алматы: «Атамұра», 2010 ж. Гумилев Л. Н. Көне түркілер. - А., 1994 https://www.youtube.com/watch?v=A9i47Uby5N Тірек-сызбалар Кесте Карта ҚБ парағы

Сабақтың соңы 5 минут	Кері байланыс Жалғастырыңыз: Маған ... қызықты болды Бұл ... қиындық туғызды Осы ... мені ойландырды	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	А4, конспект
Үй тапсырмасы	Қосымша ақпарат оқып келу.			